

Облыстық Мемлекеттік жер инспекциясын құру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1998 жылғы 3 ақпандағы N№25 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 5 мамырда N 7 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 16 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.05.24 N 16 Шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсанындағы " Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Жер туралы" Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы N 2718 N952718_ өкімін жер туралы заңдардың сақталуын, жер ресурстарын пайдалану және қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейту үшін 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 75-21/165үкіметтің жеделхатын орындау үшін облыс әкімі ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1. Жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитеттің жанынан 5 адамнан тұратын жерді пайдалану мен оның қорғалуын бақылау жөніндегі облыстық Мемлекеттік инспекция құрылсын.

2. Жерді пайдалану мен оның қорғалуын бақылау жөніндегі облыстық Мемлекеттік инспекция жөніндегі Ереже бекітілсін. /қосымшаға сәйкес/.

3. Жерді пайдалану және оның қорғалуын бақылау жөніндегі облыстық Мемлекеттік инспекцияны ұстау облыстық бюджеттің қаржысы есебінен іске асырылсын.

4. Петропавл, Көкшетау қалаларының әкімдері қалалардың, аудандардың мемлекеттік басқару қызметкерлерінің жалпы саны есебінен /лимиті есебінен/ әр қалада екі адамнан, ал селолық аудандарда бір адамнан мемлекеттік жер инспекторын енгізісін.

5. Қалалар мен аудан әкімдері оларға жүктелген міндеттеріне сәйкес жерді пайдалану және оның қорғалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтерін қамтамасыз етсін.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ.Қ.Қалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі Д. А Х М Е Т О В

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК